

Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жаңадан іске қосылатын денсаулық сақтау объектілерін ұстауға арналған мақсатты трансферттердің сомаларын бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 9 ақпандағы N 154 қаулысы

"2004 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 5 желтоқсандағы Заңының 30-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне 2004 жылы жаңадан іске қосылатын денсаулық сақтау объектілерін ұстауға арналған мақсатты трансферттердің сомаларын бөлу бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі облыстардың, Астана және Алматы қалалары әкімдері ұсынған денсаулық сақтау объектілерін пайдалануға қабылдау туралы қабылдау комиссияларының актілері және денсаулық сақтау объектілерін қабылдау туралы жергілікті атқарушы органдардың шешімдері негізінде мақсатты трансферттерді облыстардың бюджеттеріне, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне аударуды қамтамасыз етсін.

3. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері:

1) бюджет қаражаттарының мақсатты пайдаланылуын қамтамасыз етсін;

2) есепті тоқсаннан кейінгі келесі айдың 5-күніне дейін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігіне бөлінген мақсатты трансферттерді пайдалану туралы есепті ұсынсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4

ж ы л ғ ы

9

а қ п а н д а ғ ы

N

1 5 4

қ а у л ы с ы н а

қосымша

Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жаңадан іске қосылатын денсаулық сақтау объектілерін ұстауға арналған мақсатты трансферттердің сомаларын бөлу

Р/с N	Атауы	Сомасы, мың теңге
1.	Атырау облысы	17805
2.	Жамбыл облысы	10868
3.	Батыс Қазақстан облысы	10194
4.	Қарағанды облысы	55495
5.	Қызылорда облысы	34297
6.	Павлодар облысы	43091
7.	Солтүстік Қазақстан облысы	23249
8.	Оңтүстік Қазақстан облысы	84846
9.	Алматы қаласы	60271
10.	Астана қаласы	98771
	Барлығы	438887
